

*А.М. Еспенбетова*<sup>ID \*1</sup>, *Ж.А. Ғанибаева*<sup>ID 2</sup>

<sup>1</sup>*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ақтөбе, Қазақстан,  
e-mail: [aikami@mail.ru](mailto:aikami@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Ақтөбе, Қазақстан,  
e-mail: [sangar98@mail.ru](mailto:sangar98@mail.ru)*

### **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЕҢІСІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ (Ақтөбе өңірі материалдары бойынша)**

#### *Аңдатпа*

Мақала Ұлы Отан соғысы жеңісіндегі Ақтөбе өңірінің әйелдерінің рөлін көрсетуге арналған. Өңір тарихын зерделеу Отандық тарихнаманың маңызды рөл атқаратындақтан, мақала тақырыбының өзектілігін атап өтуге болады. Мәселе бойынша зерттеулерге тарихнамалық шолу жасай отырып, авторлар әлі де, мәселе төңірегінде зерттеулердің қажеттілігіне назар аударады. Еңбек майданында түрлі кәсіптерді – бұрғылаушы, жөндеуші, токарь, машинист, комбайншы, шахтер, паравозшы, тракторлар мен автомобильдердің жүргізушілері, есепшілер, дабылшылар болуымен бірге, әскери мамандықтарды – медбике, ұшқыш, танкист, пулеметші, сапер, барлаушы, тіпті мергендікті игерді. Авторлар, мақаланы жазу барысында бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві қорларының құжаттарын, «Актюбинская правда» атты мерзімді басылым материалдарын, мемуарлық естелік деректерді кеңінен пайдаланған, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы экономиканың басты салаларындағы әйелдердің жанқиярлық еңбектері мен қызметтерін қарастырған. Өлкедегі әйелдердің тылдағы еңбек үлесінің өсуін статистикалық деректер арқылы талдаған. Жекелеген аудандар бойынша савхоз, колхоздағы әйелдердің ерлікке толы қызметтері сараланады. Сонымен қатар, мақалада түрлі өндірістік салаларында белсенділік танытқан «стахановшы» «әйелдердің жұмысты ерлермен тең деңгейде атқарғандығына назар аударады. Мәселені талдауда тарихи-хронологиялық, объективтілік, жүйелілік қағидалары басшылыққа алынып зерттелінген.

**Кілтті сөздер:** Ұлы Отан соғысы, әскери, жеңіс, майдан, тыл, өнеркәсіп, ерлік, патриот. туған өлке, фашизм.

*А.М. Еспенбетова*<sup>ID \*1</sup>, *Ж.А. Ғанибаева*<sup>ID 2</sup>

<sup>1</sup>*Кандидат исторических наук, доцент  
Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова,  
Актобе, Казахстан,  
e-mail: [aikami@mail.ru](mailto:aikami@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Кандидат исторических наук, старший преподаватель  
Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,  
e-mail: [sangar98@mail.ru](mailto:sangar98@mail.ru)*

### **РОЛЬ ЖЕНЩИН В ПОБЕДЕ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ (на материалах Актюбинской области)**

*Аннотация*

Статья посвящена на раскрытию роли советских женщин Актюбинского региона в обеспечении Победы в Великой Отечественной войне. Актуальность темы статьи можно отметить, поскольку изучение региональной истории играет важную роль в отечественной историографии. Представляя историографический обзор исследований по данной проблеме, авторы, тем не менее, обращают внимание на необходимость дальнейших исследований по этому вопросу. Женщины трудились на трудовом фронте, осваивая различные профессии — бурильщика, слесаря, токаря, машиниста, комбайнёра, шахтёра, водителя паровозов, тракторов и автомобилей, бухгалтера, связиста. Наряду с этим, они овладевали военными специальностями: медсестры, лётчицы, танкистки, пулемётчицы, сапёры, разведчицы, а также снайперы.

В процессе написания статьи, авторами были широко использованы ранее не введенные в научный оборот документы из фондов Государственного архива Актюбинской области, материалы периодической печати, в частности газеты «Актюбинская правда», а также мемуарные источники. Авторы рассматривают самоотверженный труд и деятельность женщин в ключевых отраслях экономики в годы войны. Анализируя вклад женщин региона в трудовой тыл, авторы опираются на статистические данные. Отдельное внимание уделяется героическому труду женщин в совхозах и колхозах по районам области. Кроме того, подчёркивается роль женщин-стахановцы, проявивших лидерство в производственных процессах фабрик и заводов и трудившихся наравне с мужчинами. При анализе проблемы соблюдены историко-хронологический подход, принципы объективности и системности.

**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, армия, победа, фронт, тыл, промышленность, героизм, патриот. родина, фашизм.

*A.M. Yespenbetova* <sup>\*</sup><sup>1</sup>, *Zh.A. Ganibaeva* <sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Candidate of Historical Sciences, Associate professor of the Aktobe Regional University named after K.Zhubaov, Aktobe, Kazakhstan,  
e-mail: [aikami@mail.ru](mailto:aikami@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer of the aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan,  
e-mail: [sangar98@mail.ru](mailto:sangar98@mail.ru)*

## **THE ROLE OF WOMEN IN VICTORY IN THE GREAT PATRIOTIC WAR (based on the materials of the Aktobe region)**

### *Abstrakt*

This article examines the role of Soviet women from the Aktobe region in securing Victory in the Great Patriotic War. The relevance of this topic is noteworthy, as the study of regional history plays a significant role in national historiography. While presenting a historiographical overview of research on this issue, the authors nevertheless point out the need for further scholarly investigation.

Women worked on the labor front, mastering a wide range of professions—drillers, mechanics, turners, machine operators, combine operators, miners, and drivers of locomotives, tractors, and automobiles, as well as accountants and communications workers. Alongside these civilian occupations, they also acquired military specialties, serving as nurses, pilots, tank crew members, machine gunners, sappers, scouts, and snipers.

In preparing the article, the authors made extensive use of previously unpublished documents from the collections of the State Archive of the Aktobe Region, periodical materials—particularly the newspaper *Aktyubinskaya Pravda*—as well as memoir sources. They explore the selfless labor and activities of women in key sectors of the wartime economy. In analyzing the contribution of regional women to the home front, the authors rely on statistical data.

Special attention is given to the heroic work of women in state and collective farms across the region's districts. The article also highlights the role of female Stakhanovites, who demonstrated leadership in the production processes of factories and plants and worked on an equal footing with men. The analysis follows a historical and chronological approach and is guided by the principles of objectivity and systematic study.

**Keywords:** Great Patriotic War, army, victory, front, rear, industry, heroism, patriot, homeland, fascism

**Кіріспе.** 1941-1945 жылдарға созылған Ұлы Отан соғысы еліміздің басынан кешірген ең ауыр қиын да, сұрапыл кезең болған еді. Үрей мен қорқыныш, адамгершілікке жатпайтын жағдайда өмір сүру, үміт пен аштық – осылардың барлығын біздің аға ұрпағымыз басынан кешірді. Сұрапыл соғыс жыныс пен жасты таңдамады. Майданға ерлер ғана емес, Отанын қорғау үшін өрімдей жастар мен ақ жаулықты аналар мен қыздар да аттанды. Мақаланы жазудағы алдыға қойылған мақсат, Ұлы Отан соғысы жеңісіне 80- жыл толуына орай, ел басына ауыр жағдай түскен кезде халқына қорған бола білген ер жүрек аналарымыз бен апаларымыздың есімдерін ұлықтай отырып, өнегелі ерлігі мен жанкешті еңбектерін кейінгі ұрпаққа насихаттау. Қан майданда және тылда еңбек еткен ардагерлерімізді халық есінде мәңгіге қалдыру. Неміс фашистерін жеңуге зор үлес қосқан Отандастарымыздың арасында Ақтөбелік аналарымыз бен апаларымыз. қазіргі біздің тыныш, бейбіт өміріміздің іргетасын қалауда зор үлес қосты, олар өз өмірін қиып, бүгінгі бүкіл тарихтың бағытын өзгертуі мүмкін дәуірде біздің болашақтағы құқығымызды қорғады.

Ұлы Отан соғысы кезінде әйелдер ерлердің көтерген жүгін бірдей көтеріп, майданда шайқасты. Олар әскери мамандықтың алуан түрлерін – медбике, ұшқыш, танкист, пулеметші, сапер, барлаушы, шахтер мамандықтарын, тіпті мергендікті игерді. Әскери қиын жағдайда кешегі мектеп оқушылары болған жас қыздар ерлік жасап, Отан үшін жанын қиды. Кеңес әйелдерінің Ұлы Отан соғысына жаппай қатысуы әлемдік тарихта бұрын-соңды болмаған құбылыс. Фашистік Германияда да, одақтас елдерде де, соғысқа қатысқан әйелдердің саны мұндай көп болмаған, оның үстіне әйелдер шетелде жауынгерлік мамандықтарды меңгермеген. «Ұлы Отан соғысындағы жеңістегі әйелдердің рөлі» тақырыбының ғылыми маңыздылығы әйелдердің әскери және тыл қызметтеріне қосқан үлесін жан-жақты талдау арқылы соғыс туралы тарихи білімді кеңейтуде және тереңдетуде жатыр. Бұл тақырыпты зерттеу бізге әскери тарихқа дәстүрлі түрде ерлерге бағытталған көзқарасты жеңуге және 1941-1945 жылдардағы оқиғалардың толығырақ және объективті көрінісін қалпына келтіруге көмектеседі. Ұлы Отан соғысы жеңісіндегі әйелдердің рөлін зерттеу, олардың шайқасқа, медициналық қолдауға, барлауға, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына және әлеуметтік салаға қатысуын анықтауға, сондай-ақ толық соғыс жағдайында гендерлік рөлдердің өзгеруін талдауға көмектеседі. Бұл кеңес қоғамы үшін соғыстың әлеуметтік, демографиялық және мәдени салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тақырып гендерлік зерттеулерді, әлеуметтік тарихты және тарихи антропологияны дамыту үшін маңызды және тарихи жадты сақтауға және әйелдердің жеңіске жетудегі үлесін ғылыми тұрғыдан қайта қарастыруға ықпал етеді.

Осыған орай, мақаланың мақсаты – тақырып бойынша әлі де жарық көрмеген деректер мен естеліктерді ғылыми айналымға қосу және оның жан-жақты зерделеу арқылы Отан соғысындағы жеңіске әйелдердің қосқан үлесін талдау, олардың әскери операцияларға және тылдағы еңбек қызметіне қатысуының негізгі бағыттарын анықтау, сондай-ақ әйелдер ерлігінің Жеңіске жетудегі және кеңес қоғамының кейінгі дамуындағы маңыздылығын анықтау болып табылады.

**Материалдар мен әдістер:** Зерттеу барысында бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген архивтік құжаттар, түрлі құжаттық жинақтар, мерзімді басылым материалдары, ғылыми еңбектер мен мемуарлық деректер кең көлемде пайдаланылды. Барлық дереккөздер мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты шартты түрде үш топқа бөлініп қарастырылды. Бірінші топқа Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АқОМА) қорларынан алынған

материалдар жатады [1]. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандық азаматтардың Кеңес Армиясы қатарына өз еркімен қабылдануына қатысты өтініштері, Қазақ КСР-індегі еңбек ресурстарын бөлу бюросының қызметіне байланысты есептері мен қаулылары, сондай-ақ совхоздар мен колхоздардың ауыл шаруашылығы жұмыстарын соғыс жағдайына бейімдеу нәтижелері туралы мәліметтер бар. Екінші топқа зерттеу тақырыбына сәйкес құрастырылған құжаттық жинақтар кіреді. Бұл жинақтарда соғыс жағдайындағы еңбек тәртібі, эвакуацияланған кәсіпорындарда еңбек еткен әйелдерге қатысты мәселелер қамтылған. Атап өтсек, XX ғ. 60-шы жылдары жарық көрген «Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг.» атты құжаттар жинағы мен өзге де еңбектерден алынған деректер өңірдің өнеркәсіптік саласын сипаттау үшін қолданылды [2]. Маңызды деректер қатарын сұрапыл соғысты өз көзімен көріп, естелік жазбалардың мәліметтері құрайды. Үшінші топты мерзімді баспасөз материалдары құрайды, яғни соғыс жылдарында Ақтөбеде жарық көрген «Актюбинская правда» атты мерзімдік баспасөз материалдарында еңбек майданындағы әйелдердің қызметтері зерделеніп ғылыми айналымға қосылды [3].

Мақсаты мен міндеттері. Мақаланы жазудың басты мақсатымыз – Ұлы Отан соғысындағы жеңісте қазақстандық әйелдердің қосқан үлесін тың құжаттар негізінде айқындап көрсету, жаужүрек апаларымыз бен аналарымыздың ерлігі мен жанқиярлық еңбектерін кейінгі ұрпаққа насихаттау.

Зерттеудің мақсатына орай төмендегідей міндеттер қойылды:

- Кеңес әйелдерінің халық шаруашылығындағы үлесінің артуы және оларды соғыс жағдайына жұмылдырудың барысы жайында баяндау;

- Ақтөбе өңірінің майдан арсеналы ретінде әйел адамдардың еңбек майданындағы үлесі жаңа деректермен анықтау;

- Жекелеген аудандар бойынша соғысқа жұмылдырылған әйелдер жайында деректерді талдап көрсету;

- Әлеуметтік жағдайы, түрлі жұқпалы аурулар мен аштыққа ұшырауы, кеңестік саясатқа келіспеушіліктері мен наразылықтардың болуы, мобилизациядан жалтару, елден кету сынды көп айтылмайтын мәселелерге назар аудару;

*Талқылаулар мен нәтижелер.* Мәселенің зерттелуіне келетін болсақ, Ұлы Отан соғысы тақырыбына қатысты зерттеулер, соғыс кезінде-ақ жазыла бастады. Бұл еңбектерде соғыс жылдарындағы кеңес халқының майдан мен тылдағы ерлікке толы еңбектері, жұмысшы табының қоғамдық рөлі кеңінен қарастырылды. Кеңестік кезеңде зерттеушілер В.С. Мурманцева-ның [4], Н.И. Кондакованың [5], ғылыми жұмыстарында мол архив құжаттары негізінде әйелдердің тылдағы, майдандағы, партизандық қозғалыстардағы үлесі жан-жақты қарастырылған. Ортадық Азия елдерінің соғыс жылдарындағы ерлігі мәселесі Я.Давлятова, Н.П. Животовская, З.Ф. Ибрагимова сияқты авторлардың кандидаттық зерттеулерінің басты тақырыбына айналды. Отандық тарихшылар арасында Г.Д. Нұрбекова өз зерттеуінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі әйелдердің рөлі қарастырды [6].

XX ғасырдың 60-70-ші жылдары белгілі тарихшылар М.Қозыбаев, Т.Б. Балакаева, П.С. Беландар [7] мәселе төңірегінде ғылыми бағытты қалыптастырған авторлар қатарын құрады. Ғалым М.Қ. Қозыбаевтың зерттеуінде нәзік жандылардың маңызды үлесіне назар аударылып, елдің шаруашылығын соғыс жағдайына қайта бейімдеудегі, сондай-ақ қала мен ауыл тұрғындарын соғысқа жұмылдырудағы, Қазақстанның майдан арсеналына айналуындағы рөлі мен белсенділігін талдайды.

Жалпы, кеңестік тарихнаманың ерекшеліктерінің бірі – қазақстандық авторлар, арнайы шектеулер мен тыйым салушылық болмаса да жекелеген мәселелер мен белгілі аймақтық зерттеулермен ғана шектелген.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жарияланған Р.И. Бисембина, Л.Т. Кожакеева, А.Б. Есимова, Б.К. Көшербаева, Г.Б. Бырбаевалардың зерттеулерінде соғыс уақытындағы Қазақстандағы тамақ өнеркәсібі саласының қызметі және ондағы мамандардың жағдайы,

соғыс алдындағы және соғыс кезеңіндегі Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық құрылымы, ұлттық әскери құрамалардың жасақталуы мен жауынгерлік қызметтері сараланған, дегенмен де, әйелдердің рөлі зерттеуде қамтылмаған.

Әйелдердің әскери ерлігі мен еңбек майданындағы үлесін арқау еткен бірқатар аймақтық деңгейде Алимбаева мен Жаркынбаеваның еңбектерін атап өтуге болады. Сонымен қатар, зерттеуші В.Шепель өзінің ғылыми мақаласында сержант және қатардағы құрамда әскери міндетке шақырылған әйелдердің нақты санын көрсетіп, олардың майдан мен тылдағы қызметін жан-жақты талдайды [8].

Зерттеулердің тарихнамалық базасын кеңейткен маңызды академиялық еңбек – 5 томнан тұратын «Қазақстан тарихы (ежелгі дәуірден бүгінге дейін)» жинағы. Онда әр кезеңдерде Ұлы Отан соғысының майдандарында 600 мыңнан 1 миллионға дейін әйел қатысқаны және олардың арасында 80 мыңға жуығы офицерлік шен алғаны және майданда Қазақстаннан 5183 әйел мен қыз болғаны атап көрсетіледі [9]. Құрамында З.Г. Сақтағанова, Ж.Ж. Тұрсынова, А.Ж. Смагулова бар ұжымдық авторлардың монографиясында Орталық Қазақстан әйелдері, олардың көп қырлы қызметі мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі жеңіске қосқан үлесі зерттеу нысаны болды [10]. Сонымен қатар, М. Бекбаеваның еңбегінде жалпы Қазақстан бойынша Ұлы Отан соғысындағы майдан мен тылдағы жанқиярлық еңбек ерліктері деректер арқылы қарастырылған [11].

Батыс Қазақстан өңіріне қатысты Б. С. Жұмағұловтың монографиясында XVIII-XX ғғ. Батыс Қазақстан өңірлерінің әскери тарихы қарастырылған. Үш ғасырға жуық кезеңді қамтыған еңбекте өңірдің Ұлы Отан соғысы кезіндегі маңызы, әскери-техникалық әлеуеті талданған. Н.С. Аликулованың монографиясын атап өтуге болады [12]. Еңбекте Батыс Қазақстанға арнайы келушілер мен еңбек армиясының жағдайы, соғыс жылдарындағы экономикалық дамуы, әскери құрамалардың жасақталуы, тылдағы еңбек, халықтың әлеуметтік жағдайы мәселелерін айқын-дап көрсетеді. Бұдан байқалатыны, Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналып, жарияланған зерттеулердің саны баршылық, мазмұны жағынан алуан түрлі. Еңбектерде аймақтың соғыс жылдарындағы экономикалық жағдайының кейбір тұстары ғана зерттеу аясында қарастырылып, әйелдердің үлесі арнайы зерттеу нысаны болып табылмайды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап мемлекеттік билік өкілдері халыққа орын алған әскери-саяси жағдайдың маңыздылығын ашық баяндап, ресми үндеулер жариялады. Үкімет тарапынан туындаған күрделі жағдайды түсіндіре отырып, ел азаматтарын жауға қарсы тұру үшін барынша жұмылдыруға баса назар аударылды. Бұл соғысқа Ақтөбе өңірінен жалпы саны 122 423 азамат атсалысып, олардың 36 мыңнан астамы майдан даласынан оралмады. Соғыс жылдарында 35 ақтөбелік Кеңес Одағының Батыры атағын иеленсе, 9 азамат «Даңқ» орденінің толық кавалері атанды, ал шамамен 15 мыңға жуық жерлесіміз әртүрлі жауынгерлік ордендермен марапатталды.

Ақтөбеліктер тек майдан шебінде ғана емес, сонымен қатар тылда да жанқиярлықпен еңбек етіп, аштық пен ауыр тұрмыс тауқыметін бастан өткерді. Тылдағы жанкешті еңбегі үшін 26 000-нан астам азамат «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Тыл жұмысына қатысқан еңбекшілер, әсіресе әйелдер, Қызыл Армия мен әскери-теңіз флотын қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен және киім кешекпен қамтамасыз ету үшін тынымсыз еңбек етті. Соғыс жағдайында адам ресурстарының негізгі бөлігін әйелдер құрады және олардың еңбегі ерекше маңызға ие болды. Майдан мен тылдағы өзара үйлесімділік – Жеңістің басты алғышартына айналды. Тылдағы басты міндет – майданды қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамту болса, ер азаматтардың әскер қатарына жаппай шақырылуы жағдайында бұл жүк әйелдерге жүктелді. Экономиканың барлық салаларындағы кәсіби ер адамдардың еңбегі әйелдердің қызметімен алмастырылды. Бұл үрдіс халықтың отаншылдық рухымен қатар, орталықтандырылған мобилизациялық шаралар аясында жүзеге асты. Мемлекеттің барлық материалдық және адами ресурстары қорғаныс саласына бағытталды. Мемлекеттік және партиялық органдар қабылдаған көптеген қаулы-қарарлар әйелдердің еңбекке тартылуын жүйелеуге арналды. Соғысқа дейінгі кезеңде еңбекке қабілетті әйелдердің 34%-ын үй шаруасындағы әйелдер құраған болса, соғыс жылдары

бұл категория еңбек нарығына кеңінен тартылды. Сонымен қатар, зейнет жасындағы әйелдер мен бойжеткен қыздар да жұмыс күшінің қатарын толықтырды. Сөйтіп, майданға аттанған ер адамдардың орнын үй шаруасындағы әйелдер, зейнеткерлер мен жас қыздар алмастырды.

Халықты еңбекке жұмылдыру саясаты КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Соғыс жағдайында еңбекке қабілетті қалалық тұрғындарды өнеркәсіп пен құрылыс саласына жұмылдыру туралы» және Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қалалық және ауылдық еңбекке қабілетті тұрғындарды ауыл шаруашылығы саласына, атап айтқанда колхоздар, совхоздар мен машина-трактор станцияларына жұмылдыру тәртібі туралы» қаулылары арқылы жүзеге асырылды. Еңбек міндетінен бас тартқандар қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Кеңес Одағы көлемінде әйелдердің ауыл шаруашылығындағы еңбек үлесі айтарлықтай өсті. Мысалы, қолда бар мәліметтерге сүйенсек, 1943 жылға таман Ақтөбе өлкесінде шамамен екі мыңға жуық әйел азаматтар қайта даярлау курсынан өтіп, тыл жұмысына белсене қатысқан. Ұлы Отан соғысы кезінде өнеркәсіп, мекеме, колхоз, Машина трактор станцияларында және басқа да ұйымдарда әйелдер саны күрт артты. Кадр тапшылығын жою жолында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанынан жасақталған әйелдер мәселесі жөніндегі бөлім елеулі жұмыс атқарды. Әртүрлі жылдары облыстың ірі кәсіпорындары мен шаруашылықтарында жұмыс атқарған Т.Мұхаметдинова, Ч.Кудлинская, С.Бижанова, В.Дурова, З.Сейтқұлова, К.Ирманова, Е.Смелик, Низимбетова, Сүлейменова, Ишмұхамедова және басқа да азаматшалар жоғары дәрежедегі ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түскен [13, 143-б.].

«Актюбинская правда» газетінде 1942 жылғы 14 қаңтарында Ақтөбе қаласындағы С.М. Киров атындағы комбинатта көлік цехында (стрелочница) жұмысшысы М.П. Иванованың әңгімесі баяндалған. Соғыстың алғашқы күндерінде бүкіл кеңес халқы жас баладан кәріге дейін Сталиннің үндеуіне қосылып жаңа жұмыс сағатына шыққандығы айтылған: «На Актюбинский комбинат имени С.М. Кирова пришло много женщин – бывших домохозяек. Вместе с ними я тоже пошла на производство и заняла пост своего мужа Василия Пантелеевича, ушедшего на фронт. За короткое время я овладела новой для меня специальностью, что доля моего труда тоже участвует в общих усилиях нашего рабочего коллектива по оказанию помощи фронту, где с оружием в руках сражается мой муж. И я стараюсь сделать все, что в моих силах» [14, 3 с.].

Өндірістік салада әйелдер санының артуы олардың кәсіби даярлығын жетілдіру мен жаңа мамандықтарға баулудың өзектілігін арттырды. Бұл бағыттағы қажеттілікті ескере отырып, партия мен үкімет кадрлық әлеуетті дамыту ісіне тұрақты түрде назар аударды. Соғыс басталған сәттен-ақ, білікті еңбек ресурстарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырыла бастады. Нәтижесінде көптеген әйел жұмысшылар еңбек қызметін атқара жүріп, жаңа кәсіптерді меңгеруге мүмкіндік алды. Осы үдеріс барысында мыңдаған әйел азаматтар белсенді еңбек үлгісін көрсетті.

Отан соғысы жылдарында кеңес әйелдері жоғары патриотизм көрсетті. Олар Кеңес мемлекетінің Бас Хатшысы Сталиннің жауды түпкілікті талқандау үндеуіне жаңа еңбек өрлеуімен үн қатты. Отан қорғаушылардың аналары мен апа-қарындастары, әйелдері мен қыздары ең күрделі машиналар мен механизмдерде, станок пен тракторда жұмыс жасауына соғыс уақытының ешбір қиындықтары кедергі бола алмады. Бұрынғы үй шаруасындағы әйелдер, қыздар үй шаруашылығын тастап, өндіріске араласып, жоғары білікті мамандықтарды игеріп, майданға қажетті тауарлар шығаратын кәсіпорындарда тынымсыз еңбек етті. Бұрынғы үй шаруасындағы Дядикова бұрғылаушы мамандығын соғыс жылдарында алып, вагон депосында жұмыс істеп, тапсырманы 200-300 пайызға орындайды. Зауытта директор болған, майдангер Малолетковтың жұбайы Межебовская қалыптаушы біліктілігін игеріп, нормативті 250 пайыздан астам орындап келеді. Бұл зауыттың токарьлары Исмаилова, Сағидуллина, Сермұхамедова, Иванченко және басқалар стахановтық әдіспен жұмыс істейді. Жас өндірушілер Коваленко, Бехтиярова, Шахринова, Жалмағамбетова және басқалары өндіріс көлемін күннен-күнге арттыруда. Қалалық өндірістік комбинатта майдангердің анасы 70 жастағы Имханицкая тоқымашы болып, жұмыстағы белгіленген

мөлшерді 200 пайызға дейін орындайды» [15, 2 с.]. Кәсіпорындарда әйелдердің осындай жанқиярлық еңбегінің мысалдары көп.

Соғыс жылдарында Ақтөбе облысындағы өндірістік және ауыл шаруашылық салаларында әйелдердің белсенділігі күрт артты. Мәселен, С.М. Киров атындағы Ақтөбе химия комбинатында 22 әйел негізгі өндірістік үдерістерге тікелей араласып, цехтардағы жұмысты ерлермен тең деңгейде атқарды. Комсомол қатарындағы Вера Лысенко, Клавдия Жирякова, Рубцова, Сташнина сынды әйелдер комбинаттың мақтанышына айналды [16, 2 с.].

1943 жылғы ресми деректерге сүйенсек, облыс бойынша 297 әйел мал өсіретін фермаларды басқарған, 280-і басқарма басшысы, 201-і звено жетекшісі, 63-і дала бригадасын басқарған, ал 77 әйел колхоз төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Ключевой ауданындағы «Қарағаш» колхозының сауыншысы Науат Бошанова жылдық жоспарды небары 11 айда орындап, өзіне бекітілген 12 сауын сиырдың төлдеріне ерекше күтім көрсеткен. Сонымен қатар, қысқы мал азығын дайындау жұмыстарына да белсене қатысып, ферманың тиімді жұмыс істеуіне өз үлесін қосқан. Оның еңбегі аудандық тексеру комиссия-сының алғыс хатымен марапатталған [16, 85-п.].

Мәртөк ауданындағы «Свет» колхозының ферма меңгерушісі Дарья Марченко – мал шаруашылығын дамытуға үлес қосқан үздік мамандардың бірі. Ол 22 аналық шошқадан 274 төл алғаны үшін 1940 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің комитеті тарапынан үлкен күміс медальмен марапатталды.

Колхоздардағы еңбекке ерлердің майданға аттануына байланысты әйелдер кеңінен тартыл-ды. Бекеш Ныспаев майданға кеткен соң, трактор бригадасының жетекшісі Петр Проценко өз міндетін Рая Күлешоваға сеніп тапсырды. Рая ауыр «СТЗ» тракторын тез меңгеріп, күндік еңбек нормаларын артығымен орындап отырды.

Соғыс жылдары ауыл шаруашылығында бір емес, бірнеше техникалық кәсіпті меңгерген әйел тракторшылар саны артты. Олар егін орағы аяқталған соң қосалқы тіркемелер мен тракторларды жөндеумен айналысып, комбайншы, дизелист, дәнекерлеуші, моторист сынды түрлі техникалық қызметтерді де қатар атқарды.

Облыстағы «Қазақстанға 14 жыл» колхозының жас тракторшы қыздары Сәлім Бажанова мен Қанзия Ақаева маусымдық егіс жұмыстары кезінде белгіленген 13 гектардың орнына 19-20 гектарға дейін жер жыртып, жоғары еңбек нәтижесін көрсетті. Сол секілді, Қобда ауданындағы Бегалы МТ тракторшысы Анна Кучмеева да ауыр техниканы тиімді басқарып, үздік нәтижеге қол жеткізді. Мәртөк ауданында 1942 жылдың басында әйелдер басқарған 33 еңбек звеносы жұмыс істеген. Осы кезеңде әйел мамандар тек орындаушы емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы ретінде де көріне білді. Мысалы, «Буденный» колхозының сауыншысы Нюра Чумакова, «Украинец» колхозынан Мария Заможная, «Степной пахарь» және «Ударник» колхоздарындағы Александра Усенко мен Дарья Колькутина – білікті мал мамандары әрі жетекші қызметкерлер ретінде танылды [17].

Қобда ауданының «Қызыл әскер» колхозында 1938 жылы мал саны мардымсыз болса, 1942 жылға қарай еңбек ұжымының тынымсыз еңбегінің арқасында мал басы бірнеше есеге өсті (245 сиыр, 83 жылқы, 1100 қой, 120 шошқа) [20]. Ауыл шаруашылығындағы озат еңбек көрсеткіштерімен көзге түскен Нина Ткаченко, Екатерина Бондаренко жән Анна Веденко сияқты әйелдердің есімдері облыс көлемінде кеңінен танылған болатын. Ленин атындағы колхоздың сауыншысы А. Бондаренко 1943 жылы жоспарланған 12 260 литр сүттің орнына 15 518 литр сауып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Ырғыз ауданындағы «Октябрь» артелінің сауыншысы Төлегенова да жоғары өнімділік көрсетті.

«Жаңа Елек» колхозының тракторшысы, стахановшы А.Мусина 1941 жылы өзіне жүктелген 141 гектардың орнына 408 гектар жер жыртып. Оның жетістігі маусымдық жұмыстарға алдын ала дайындық пен техниканы жетік меңгеруінің нәтижесі болды. Сонымен қатар, Жұрын ауданының «Ащықұдық» артеліндегі Есенова жетекшілік еткен бригада бүкілодақтық социалистік жарысқа қатысатынын жариялап, ұжымдық ынтымақтың үлгісін көрсетті [16,3 с.].

Темір ауданындағы «Алға» және Молотов атындағы колхоздарда еңбек еткен Қалиева мен Бурабекова жылдық жоспарларын толық орындады. Ерлердің орнына келген әйелдер бір уақытта бірнеше міндетті атқаруға мәжбүр болды. Мысалы, Құрманова жылқы бағумен қатар түйелерді де бағып-күтумен айналысқан. Бурабекова сауын сиырлармен қатар бұзаулардың өсіп-жетілуіне де жауап берді.

«Красный пахарь» колхозының әйелдері МТС жұмысшыларымен бірлесіп, қой жүнін өңдеу жұмыстары тоқтап қалмауы үшін майданға арналған қолғаптар мен шұлықтарды тоқып, сарбаздарға арналған қажетті заттарды өз еріктерімен жөнелтті.

Өз Отанының жалынды патриот әйелдері машина, агрегат, локомотив, трактор, комбайн, астық жинағыш, машинамен күндіз-түні үзіліссіз, толық, максималды жүктемемен жұмыс істейтін жағдайда болды. Әрбір жұмысшы, колхозшы, үй шаруасындағы әйел жөндеуші, бұрғы-лаушы, токарь, машинист, комбайншы, паравоздар, тракторлар мен автомобильдердің жүргізу-шілері, есепшілер, дабылшылар және басқа да мамандықтарды меңгеріп, Қызыл Армия үкіметін қорғап майданға кеткен күйеулері, ағалары, әкелері мен ұлдарының өндірістегі жұмыстарын алмастырды. Барлық жерде техникалық үйірмелер ұйымдастырылып, станоктарды, өндіріс техникасын меңгерді, колхоздар мен совхоздар алқаптарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, темір жол көлігінде еңбек өнімділігін жан-жақты арттырды. «Әйелдердің техниканы тез меңгеруіне көмектесу – әрбір инженердің, техниктің, механиктің, трактор бригадасының жетекшісінің, тракторшы-машинисттің, білікті жұмысшының міндеті. Жолдастар! Өзіңізді өндірісте лайықты алмастырушы дайындаңыз. Еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесі мен Қазақстан Коммунистік партиясының (большевиктер) өлкелік комитеті, бұл үндеу облыс-тың барлық еңбекшілері арасында қызу және бірауыздан қолдау табатынына, ал біздің тамаша Отанымыздың жалынды патриоттары – жұмысшылар, колхозшылар және үй шаруасындағы әйелдер – техникалық мамандықтарды игеру жолындағы жанқиярлық еңбектерімен, сүйіспен-шілігімен және большевиктер қоғамының жаңашылдығына тағы да сенімді», – деп көрсетілді. (Еңбекшілер депутаттары Ақтөбе облыстық Кеңесі Қазақстан Компартиясы (большевиктер) Ақтөбе облыстық комитеті қорынан [18, 12- п.])

Соғыс жылдарында госпитальдарда жаралыларды емдеп, майданға үлкен көмек бергені белгілі. Ақтөбе облысында бірнеше эвакуациялық госпиталь орналасқан. Еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңестік атқару комитеті мен ҚКП(б) облыстық комитеті бюросының 1941 жылғы 8 шілдедегі бірлескен мәжілісінің қаулысына сәйкес облыста 1700 төсектік төрт эвакуациялық госпиталь орналасты: №7 эвакуациялық аурухана Алға стансасында 40 төсектік, Шалқар қаласындағы №8 эвакуациялық аурухана, Ақтөбе қаласында – 500 төсектік №5 эвакуациялық аурухана және 500 төсектік №6 эвакуациялық аурухана болды. Эвакуациялық ауруханалар қонақ үй, перзентхана, интернат және мектеп ғимараттарында орналасты.

Новороссийск әйелдері жараланған отан қорғаушылардың денсаулығы мен жауынгерлік әзірлігін қалпына келтіретін ауруханалардың жұмыс істеді. Жақында кеңестік патриоттар Отан қорғаушыларға 680 жұмыртқа жинап, 35 кг қамыр, пісірілген өнімдер, бірнеше қуырылған тауық әзірледі. Осы қарапайым сыйлықпен бірге белсенді әйелдер қауымының өкілдері жаралыларға ұжымдық жылы лебізін жолдады. Патриоттарға қамқорлық көрсеткені үшін алғыс білдіріп, сарбаздар мен командирлер – Клюев, Душак, Литвиженко, Константинов, Батрак қол қойған ұжымдық хаттар былай деп жауап береді: «Енді біздің халқымыз үшін соғыстан басқа мақсат жоқ, біздің мақсатымыз – үкімет пен партияның бізге жүктеген міндетін барлық қиын-дықтар мен қауіп-қатерге қарамастан, орындау. Құрметті аналарымыз бен апаларымыз! Сіздің тылдағы табыстарыңызды біліп алған линия жеккөрінішті жауды бұдан да дәл әрі қаһарлы түрде жояды» [16, 3 с.].

Ақтөбе қаласына қарайтын темір жол торабы бойынша 80 үй шаруасындағы әйел жол бойындағы жұмыстарға тартылды. Осындай ауыр еңбек еткен жандар Т.Қарасаева, Қ.Жаулешова, Т.Волкова, М.Лопатина, А.Кравченко, К.Дорофеева, Н.Коваленко, Р.Исмагилова, Р.Близнюк және басқалары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау қағаздарымен марапатталған.

Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасының бұйрығына сәйкес 1941 жылы 3 қазанда Харьковтен Ақтөбеге балалар сүйек туберкулезіне қарсы санаторий келді. Ақтөбе облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 1941 жылғы 3 қазандағы №155 қаулысымен Ақтөбе қаласындағы санаторийдің жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасалды. Осы мақсатта 2-балалар үйінің ғимараты, қалалық құрылыс техникумының студенттері мен 6-қазақ орта мектебінің оқушылары жатақханасы асығыс босатылды.

Колхозда еңбек еткен әйелдер кәсіпорындағы әйелдерден қалыспады. Қалалық аудан колхоздарында аға сауыншы Корольская, МТФ меңгерушісі Гончаренко («Октябрьдің 12 жылдығы» колхозы), сауыншылар Т. Т. Хасенова, Үрпекова, Есекенова («Ақшат» колхозы) мал шаруашылығында жақсы жұмыс атқаруда. Малды жақсы күтудің арқасында олар баққан мал шығыны болмай қыстауға жақсы дайындалғандығы айтылған деректер бар.

Балабақшадағы, балалар үйіндегі әйелдердің еңбектеріне қатысты «Необходимо отметить работу наших женщин в детских садах, яслях и детдомах. В детсаду № 22 воспитываются 120 детей железнодорожников, из них 50 детей фронтовиков. Здесь уютно и чисто. Питание организовано хорошо. Заведующая его тов. Резникова заботится о своих воспитанниках, как родная мать. За хорошую постановку работы детсад получил переходящее Красное Знамя Управления Оренбургской железной дороги»....Активное участие принимают женщины в общественной работе», – деп көсетілді архив деректерінде [19, 9-п.].

Осылайша әйелдер қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Аурухана бөлімшелерінде 90-нан астам әйел емделіп жатқан сарбаздарға күтім жасаған. Үй шаруасындағы әйелдер сарбаз-дарға 4 мың келіге жуық көкөніс, майдангерлердің балаларына бірнеше ондаған мың рубль жинады. Ата-анасыз, баспанасыз қалған 350 бала асырап алып, әйелдердің қамқорлығына алынған. Сол жылдары Қазақстанда майдангерлердің отбасыларына көмек көрсету айлығы өткізеді. Бұл ұлттық іске әйелдер барынша белсенді қатысып отырды. Кәсіпорындар мен мекемелердегі әйелдер кеңесі мен әйелдерді ұйымдастырушылардың міндеті – майдангерлер-дің отбасыларына көмек көрсету айлығын өткізуге барлық әйелдерді белсене тарту еді. Айтыл-ған деректер Коммунистік партияның Ақтөбе қалалық комитетінің хатшысы Жоламанованың «Әйелдердің еңбек ету ортасы» туралы мәлімдемесінен алынған болатын [20, 4 с.].

Ақтөбе облыстық комитетінің бюросы және еңбекші халық депутаттары облыстық Кеңесі атқару комитеті 1942 жылғы 8 мамырда Облыстық колхоздары мен совхоздарында мектеп оқушыларының ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысуы туралы қаулысында ауыл шаруа-шылығына мектеп оқушыларын тарту туралы деректер келтірілген. Ақтөбе облыстық комму-нистік партия (большевиктер) комитетінің бюросы мен еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңесінің атқару комитеті жергілікті партия, комсомол және кеңес органдарының, сондай-ақ облыстық билік органдарының мектеп оқушыларын ауыл шаруашылығы жұмыстарына пайда-лануына немқұрайлы қараудың нәтижесін дұрыс ұйымдастырылмағаны айтылады. Мысалы: Степной ауданы өздеріне келген оқушыларды еңбекке пайдаланудан бас тартты, нәтижесінде оларды Новороссийск ауданына ауыстыруға тура келді. Кейбір аудандарда (Родниковск, Мартөк) тамақтандыру өте нашар ұйымдастырылған, осыған байланысты студенттер үйлеріне тамақ ішуге қайтадан барып келуге мәжбүр болды. Родниковск ауданында жұмыс істеген №11 мектептің мұғалімдері мен жоғары сынып оқушылары әлі күнге дейін еңбек сіңірген күндері үшін ештеңе алған жоқ. Дала жұмыстарын аяқтаған балалар үйлеріне жаяу жүруге мәжбүр болды [21, 4-п.].

Сонымен бірге, соғыс жылдарында ел ішінде азық-түліктің жетіспеушілігі сезілді. 1941 жылы 1-қыркүйектен бастап Қазақстанның 8 қаласында атап айтсақ, Ақтөбеде; Оралда карточка жүйесі жойылды. Алайда кейбір аудандарда азық-түлік тапшылығы сезілді. Берілуге тиісті күндік нормалары аз мөлшерде берілді. Мысалы, Шалқар ауданындағы аса қиындық туғызған жағдай, нан пісіретін ұнның уақытында жеткізілмеуі [22, 51-п.]. Темір ауданында 425 адам нанмен қамтамасыз етілуі тиіс. Осыншама адамға нанға 1,1 тн ұн беріліп, күніне әрбір адамға 130 грамм нан берілсе, қыркүйек айынан бастап, ол екі есеге

кеміп, 65 грамға дейін азайып кетті. Ключевский ауданында әр адамға күндік норма 95 граммен, қыркүйек айында 48 грамға келсе, Мәртөк ауданында қыркүйек айында 46 грамнан берілді [23, 12-п.].

Осылайша соғыстың алғашқы күндерінен бастап, «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар, мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің да жауды жеңудегі рөлі жоғары еді. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизмнің шынайы үлгісін көрсетті.

Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде Кеңес әскерлерінің орасан зор шығындары 1942 жылы КСРО әйелдерді белсенді армия мен тыл бөлімдерінде қызмет етуге жаппай жұмылдыруды жүзеге асырды. Көмекші қызметтерде майданға жіберілген Қызыл Армия жауынгерлерін алмастырып, дабылшылар, авто-тракторшылар, телефоншылар, барлаушылар, пулеметшілер, қоймашылар, кітапханашылар, аспаздар және т.б. жұмыстарын әйелдер атқаруы керек еді. Ал еріктілерге келетін болсақ, белсенді әскерге жіберуге өтініш білдіргендердің ішінде өтініштердің 50%-ға жуығын әйелдер жазған.

Елге соғыс қаупі төнген кезде, ер адамдардан еш кем түспейтін таңғажайып батылдық пен қайсарлық көрсетті. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде әйелдер ел экономикасының негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналды. Жалпы жұмысшы күшінің шамамен үштен екісі, ал ауыл шаруашылығында еңбек етушілердің төрттен үші әйелдер болды. Соғыстың алғашқы күнінен бастап соңына дейін еңбек бөлінісі жынысқа қарай жүргізілмеді – әйелдер ерлермен тең дәрежеде ауыр және күрделі жұмыстарды атқарды.

Олар ауыл шаруашылығында жер жыртып, егін екті, өнім жинап, өнеркәсіп салаларында дәнекерлеу, ағаш өңдеу, техникамен жұмыс істеу сияқты мамандықтарды игерді. Өнеркәсіптік өндіріс толықтай әскери қажеттіліктерді өтеуге бағытталып, әйелдер зауыт-фабрикаларда күніне 16 сағатқа дейін станок басында еңбек етті. Сонымен қатар, олар отбасындағы аналық міндеттерін де қатар атқарды. Егістік алқаптарында жұмыс істей отырып, майдан қажеттіліктерін өтеу мақсатында азық-түлік өндірісін қамтамасыз етті. Әйелдердің осындай жанқиярлық еңбегінің нәтижесінде Қызыл Армияны азық-түлік, шикізат және әскери техниканың (ұшақтар мен танктердің бөлшектері) қажетті ресурстарымен тұрақты түрде қамтамасыз ету мүмкін болды.

**Қорытынды.** Сонымен Ақтөбе өңірінің әйелдері елге соғыс қаупі төнген кезде, ер адамдардан еш кем түспейтін таңғажайып батылдық пен қайсарлық көрсетті. Осы әйелдердің еңбегінің арқасында армия азық-түлікпен, шикізатпен, ұшақтар мен танктердің бөлшектерімен қамтамасыз етілді. Олар әскери мамандықтың алуан түрлерін – медбике, ұшқыш, пулеметші, сапер, барлаушы болып, тіпті мергендікті игерді. Әскери қиын жағдайда кешегі мектеп оқушылары болған жас қыздар ерлік жасап, Отан үшін жанын қиды, әскери ордендер мен басқа да марапаттарға ие болды. Кеңес әйелдерінің Ұлы Отан соғысына жаппай қатысуы әлемдік тарихта бұрын-соңды болмаған құбылыс еді. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қанды қақтығыс қана емес, сонымен қатар әйелдердің ең көп әскери қимылдарға қатысқан кезеңі болды. Кеңес әскерінде миллионға жуық қыз болды. Отанды жаудан қорғауға деген зор құлшынысына қарамастан, барлық әйелдерді майданға жіберуге рұқсат етілмеді. Зерттеу жұмысын жазу барысында архив қорларында қатталған көптеген деректерді көрдік. ҰОС әйелдердің жанұқиярлық ерліктері мен ерен еңбегі, соғыс жылдарындағы халықтың мойнына түскен ауыртпашылықтар, халықтың әлеуметтік жағдайы, түрлі жұқпалы аурулар мен аштыққа ұшырауы, кеңестік саясатқа келіспеушіліктер мен наразылықтардың болуы, мобилизациядан жалтару, елден кету сынды көп айтылмайтын мәселелер анықтау міндеті тұр. Бұл мәселелерді жан-жақты зерттеп, тарихтағы объективті бағасын алуы шарт.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13-қор, 3, 140, 1, 351, 284 істер.

2. *Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941–1945 гг. в 2 томах Т. 2. 1944–1945 гг.: Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Издательство: «Наука» Каз ССР, 1967. –530 с.*
3. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, «Актюбинская Правда» газеті 1941–1945 жж.*
4. *Мурманцева В.С. Советские женщины в Великой Отечественной войне. – М.: Мысль, 1974. – 119 с.;*
5. *Кондакова Н.И., Майн В.Н. Великая Отечественная война 1941-1945 гг. в современном патриотическом воспитании граждан. – М.: Армпресс, 2008. – 287 с.*
6. *Нурбекова Г.Д. Женщины Казахстана фронту. – Алма-Ата, 1968. – 304 с.;*
7. *Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта – Алма-Ата, 1969. – 475 с.; Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы в Великой Отечественной войны. 1941-1945 гг. – Алма Ата: Наука, 1971.–350 с.; Белан П.С. Казахстанцы в боях за Ленинград. – Алма Ата: Наука, 1973. – 243 с.*
8. *Шепель В.Н. Женщины Казахстана в трудные военные годы. – Москва; 2010. Мысль, №3. – С. 98 – 100.*
9. *История Казахстана ( с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. Т.4. – Алматы: Атамұра, 2009. –768 с.*
10. *Сактаганова З.Г. К вопросу об участии женщин Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны // Исторический курьер, 2021 № 3 (17)7. С. 32 – 40. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-uchastii-zhenschin-kazahstana-na-frontah-velikoy-otechestvennoy-voyny>*
11. *Бекбаева М. Қазақстан. Жеңіске қосқан үлесі 1941–1945. Қазақстан. Вклад в победу 1941-1945. ТОО «Издательство Арман –ПВ».2025. – 208 с.*
12. *Аликулова Н.С. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Монография. Алматы: Medet Group, 2021. –184 б.*
13. *Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың әлеуметтік ахуалы/ Ұлы Отан соғысы және Қазақстан: тарихи жадының мәселелері: халықаралық конференция материалдары/ Жалпы ред. басқарған т.ғ.д., Х.Ж. Сактаганова. – Қарағанды, 2020. – 458 б.*
14. *На посту мужа /Актюбинская правда, 14 января, 1942 г. № 11. – 3 с.*
15. *Женщины фонту / Актюбинская Правда, от 11 декабря, 1943 г. – 2 с.*
16. *16 Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13-қор. 1–т. 1 – іс, 85 – п,*
17. *Ержанов А.Қ. Ұлы Отан Соғысы жылдарында ерен еңбек үлгісін көрсеткен ақтөбелік әйелдер туралы. Qazaqstan tarihy <https://e-history.kz/kz>*
18. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13 – қор, 10 – т. 3 – іс, 12 – п.*
19. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13 – қор, 11-т., 140 – іс, 9 – п.*
20. *Забота о раненых /Актюбинская Правда, от 20 июня, 1943 г. 4 с.*
21. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13 – қор, 1– т., 284 – іс, 4 – п.*
22. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13 – қор, 10 – т., 351 – іс, 51 – п.*
23. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 13 – қор, 11–т., 204 – іс, 12 – п.*

#### References:

1. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві 13 қор [Aktobe Regional State Archive]. – Fund 13. Case 3, 140, 1, 351, 284.*
2. *Kazakhstan v period Velikoi Otechestvennoi voiny Sovetskogo Soyuz. 1941–1945. [Kazakhstan during the Great Patriotic War of the Soviet Union. 1941–1945]. –V 2 t. T. 2. 1944 – 1945 gg.: Collection. doc. and materials. – Alma-Ata: Publishing house: «Наука» Kazakh. SSR, 1967. – 530 p.*
3. *Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві /Aktjubinskaya Pravda gazetі [Aktobe regional state archive, Aktjubinskaya Pravda] newspaper, 1941–1945 gg.*
4. *Murmantseva V.S. Sovetskie zhenshchiny v Velikoi Otechestvennoi voine [Soviet women in the Great Patriotic War] Moskva, Mysl', 1974. 119 p.*

5. Kondakova N.I., Main V. N. *Velikaya Otechestvennaya voina 1941–1945 gg. v sovremennom patrioticheskom vospitanii grazhdan [Great Patriotic War 1941–1945. in modern patriotic education of citizens]*. – Moskva: Armpress, 2008. – 287 p.
6. Nurbekova G.D. *Zhenzhchin Kazakhstana frontu [Women of Kazakhstan Front]*. – Alma –Ata, 1968. – 304 p.
7. Kozybaev M.K. *Kazakhstan – arsenal fronta [Kazakhstan – an Kazakhstan a the front]*. – Alma-Ata, 1969. – 475 p.; Balakaev T. B.. *Kolkhoznoe krest'yanstvo Kazakhstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny, 1941–1945 gg. [Collective farming of Kazakhstan during the Great Patriotic War, 1941–1945gg.]*. – Alma-Ata: Nauka, 1971.– 350 p.; Belan P.S. *Kazahstantsy v boyakh za Leningrad [Kazakhstanian people in colors for Leningrad.]*– Alma-Ata: Nauka, 1973. – 243 p.
8. Shepel' V.N. *Zhenshchiny Kazakhstana v trudnye voennye gody [Women of Kazakhstan in difficult war years]*. – Moskva: Mysl', №3, – P. 98-100.
9. *Istoriya Kazakhstana (s drevneishikh vremen do nashikh dnei v 5-ti tomakh. [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day) In 5 volumes]*. – T.4. Almaty: «Atamyrta» 2009. – 768 p.
10. Saktaganova Z.G. *Voprosy ob uchastii zhenshchin v Kazakhstane na fronte Velikoy Otechestvennoy voyny // [Questions about the participation of women in Kazakhstan on the front lines of the Great Patriotic War // Historical courier, 2021 № 3 (17)7 P. 32 – 40.* <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-uchastii-zhenshchin-kazakhstana-na-frontah-velikoy-otechestvennoy-voyny>
11. Bekbaeva M. *Qazaqstan. Jeńiske qosqan ulesi 1941-1945. Kazaxstan. Vklad v pobedu 1941-1945. Kazakhstan. [Contribution to the Victory 1941-1945]. «Publishing house: Arman-PV». 2025. – 208 p.*
12. Alikulova N.S. *Yly Otan sogysy zhyldaryndagy Batys Qazaqstannyn aelemettik – ekonomikalık zhagdaiy. [The socio-economic situation of Western Kazakhstan during the Great Patriotic War]. Monograph. Almaty: Medet Group, 2021. – 184 p.*
13. *Yly otan sogysy zhyldaryndagy khalyqtyn aelemettik akhualy /Yly Otan sogysy zhane Kazakstan: tarikhi zhadyrynyn maseleleri: khalykaralyk katysuymen otetin espublikalyk gylimitazhiribelik konferentsiyanyn materialdary./Zhalpy redaksiyasyn baskargan t.g.d., Z. Zh. Saktaganova. [The social situation of the population during the Great Patriotic War situation/Great Patriotic War and Kazakhstan: issues of historical memory: materials of the republican scientific and practical conference with international participation. / General editor, Doctor of History, Z. Zh. Saktaganova] – Karagandy, 2020. – 458 p.*
14. *Na postu muzha [At the husband's post] Aktyubinskaya Pravda, January 14, 1942, № 11. 3 p*
15. *Zhenshchiny frontu [Women at the front]/ Aktyubinskaya Pravda, December 11, 1943. 2 p.*
16. *Aqtobe oblystyık memlekettik arkhivi [Aktobe regional state archive] Fund 13. description 1. Case. 42. P. 85.*
17. *Erzhanov A.K. About the women of Aktobe who set an example of bravery during the Great Patriotic War. Qazaqstan tarihy <https://e-history.kz/kz>*
18. *Aqtobe oblystyık memlekettik arkhivi [Aktobe regional state archive]. Fund 13, description 10. Case 3. P 12–n.*
19. *Aqtobe oblystyık memlekettik arkhivi [Aktobe regional state archive]. Fund 13. description 11. Case 140. P. 9.*
20. *Zabota o ranenyykh [Care for the wounded] /Aktyubinskaya Pravda, June 20, 1943. 4 p.*
21. *Aqtobe oblystyık memlekettik arkhivi [Aktobe regional state archive] Fund 3. description 1. Case 284. P. 4.*
22. *Aqtobe oblystyık memlekettik arkhivi [Aktobe regional state archive]. Fund 13, description 10. Case 351. P. 51.*
23. *Aqtobe oblystyık memlekettik arkhivi [Aktobe regional state archive]. Fund 13, description 11. Case 204. P.12.*